

ЖШС «Ailin»balalar bobekjai baqashasy

«Бекітемін»

«Ailin»balalar bobekjai baqashasy
мендеруші  М.А.Давидбекова



«Берекелі алтын күз»

«Қарлығаш» тобы

Тарбиеші: Ермакан.М

2023-2024ж

«Берекелі Алтын күз»

Мақсаты:

- 1) табиғаттың күз мезгіліндегі өзгерістері жайлы балалардың білімдерін кеңейту;
- 2) күз мезгілінің берекелі екенін айтып, тұсінік беру, ойлау қабілетін дамыту.
- 3) балаларды еңбеккорлыққа тәрбиелеу.

(Топ іші күзгі суреттермен, мерекеге сай сарғайған жапырақтармен безендірілген)

Жүргізуши: Құрметті ұстаздар, ата - аналар, кішкентай бұлдіршіндер! Сіздерді мерекелеріңізben құттықтаймыз. Күз мезгілі барлық үйге молшылық алып келсін.

Жүргізуши: *Балалардың орындаудында «Күз келгенде» әнін тамашалаңыздар*

Жүргізуши: Қанекей, балалар енді күзге арнаған тақпактарымызды айтайық.

1 - бала: Алтын күз, әсем айналам,

Қараймын көзім талғанша.

Жақын қалды желтоқсан,

Жабырқайды жапырақ.

2 - бала: Жел тынымсыз гүілдеп,

Болып кетті тым бұзық.

Шуылдайды тал - терек,

Жапырағын жұлғызып.

3 - бала: Көк майсалы көрікті,

Алқаптағы көп егін.

Бұл күндері киіпті,

Сары жібек көйлегін.

4 - бала: Алтын, сары, қызыл, көк...

Алуан алуан жапырақ,

Күзгі бақта күлімдеп,

Көз тартады жапырақ.

5 - бала: Алқаптан бидайды

Қоймаға ел жинайды.

Тырнасы тізілген,

Ұнатам күзді мен.

6 - бала: Жайдарлы күз, жомарт күз,

Аяулы күз, алтын күз.

Дәнге толы кең далам
Дариядай шалқып жүр.

Жүргізуші: Балалардың орындауында «Күзгі бақ»-ын тамашаланыздар.

Жүргізуші: Балалар, адамдар күзде қандай киімдер киеді?

Балалар: Күзгі жылды киімдерін киеді.

(Осы кезде ішке сары киім киген түрлі - түсті жасапырақтар тағынган алтын күз келеді)

Күз: Сәлеметсіндер ме, балалар! Мен сендердің шақыру хаттарынды алдыым, сендерге көп раҳмет. Балалар, мен сендерге көкөністерімді, жемістерімді ала келдім. Көкөніс пен жемісті қалай жақсы көретіндерінді тексереміз. Бізге екі бала қажет, олардың көздерін орамалмен байладап, мына тұрған ыдыстағы жеміс пен көкөністі қолдарымен ұстап, дәмін татып анықтаулары қажет.

Күз: Жарайсындар балалар, өте дәм сезгіш екенсіндер.

Жүргізуші: Алтын күз, енді балалардың өзіңе арнаған «Жапырақтар» биін тамашалыңыз

Жүргізуші: Балалардың орындауында «Жапырақтар» биі

Күз: Балалар билерің қандай тамаша, ендігі кезекте ата - аналарды сынап көрейік, күзде қалай шапшаң енбектенеді екен. Екі ата - ана ортага шығып, мына тұрған 2 картопты жылдамдыққа және қабығын үзбей тазалау қажет.

Жүргізуші: Балалар, күздің алып келген көкөніс, жемісі дәмді ме екен?

Балалар: Иә, өте дәмді.

Жүргізуші: Сол көкөніс пен жемістерді ортаға шакырайық.

(Осы кезде көкөніс пен жемістер ортасынан бір айналып, қатарласып шыгады)

Сәбіз: Өсіретін бойынды,

Дамытатын ойынды.

Қоянға да азықпаз,

Сәбіздерміз жазықсыз.

Алма: Мен алмамын, алмамын,

Таңдай жұлдар бар дәмім.

Қызылша: Ақ түсім бар қант алар,

Қызыл түсім қанға нәр.

Зияным жоқ біліп қой,

Қызылшамын пайдам бар.

Өрік: Мен өрікпін, өрікпін,

Табиғатқа көрікпін.

Қарбыз: Көрсөң егер бақшада,

Доп екен деп қалма.

Шөл қандырар қарбызын,

Ерте үзіп алма.

Алмұрт: Мен алмұрттын, алмұрттын,
Аузында мын бар жүрттын.

Қауын: Иісім жұпар аңқыған,
Бақшадағы шырынмын.
Жеп көргенде тамсанған,
Балдай тәтті қауынмын.

Күз: Балалар, ойын ойнаң, көкөніс жемісті тани білдіңдер, мен сендерге ризашылығымды білдіріп, сыйымды табыс етемін.

(Күз, балаларға алма таратады)

Күз: Мен туралы жаттаған әсем тақпақтарыңды, айтқан әндерінді көріп, билерінді тамашалап көңілімді көтердім. Рахмет сендерге, келесі кездескенше.

Жүргізуші: Балалар, барлығымыз күздің сыйына алғысымызды білдіріп, шығарып салайық.

Балалар: Рахмет сізге күз, сау болыңыз!





ЖШС «Ailin»balalar bobekjai baqashasy

«Бекітемін»

«Ailin»balalar bobekjai baqashasy
менгеруші  М.А.Давидбекова

«Қош келдің, Жаңа жыл»

«Қарлығаш» тобы

Тарбиеші: Ермакан.М

2023-2042ж

« Қош келдің Жаңа жыл »

Мақсаты: балаларға мерекелік көніл күй тудыру; шыршаның қалай әдемі де сәнді безендірілгеніне, балалардың Аязатаның, Ақшақардың, Қоянның карнавалдық киімдеріне назар аударту; көнілді ойындар ойнату, достық қарым - қатынас ояту, бірлескен ойындар ойнату.

Қатысуышылар: жүргізуші, Аязата, Ақшақар, Қоян, Клоун, балалар, ата - аналар.
Музыка ойнап тұрады.

Жүргізуши: (жүргізушінің дауысы тыс жерден шығады) Тезірек, тездетіп мұнда жиналындар. Басталады Жаңа жылдық карнавал, маска да бар, би де бар, асығындар, шырша жанында қонақтарды қарсы алындар. Аязата шақырғанның бірі дағы қалмайды. Басталады, басталады, жаңажылдық карнавал! Карнавалдың иелерін қарсы алайық! (қол шапалақтау, балалар екі - екіден кіреді)

Жүргізуши: Армысыздар, аяулы ұстаздар, ата - аналар! Сәлеметсіздер ме, балалар. Сендер бүгін, сәнді киініп, әдемі болып кетіпсіндер. Мына жерде орман аңдары, сүйікті ертегілеріміздің кейіпкерлері де жетіпті. Ал, бүгін балалар, қандай мереке?

Балалар: Жаңа жыл!

Жүргізуши: Жаңажылдық ертеңгілігімізді ашудағы құттықтау сөзін балабақша менгерушісіне беріледі.

Жүргізуши: Балалар бүгін біз Жаңа жылды қарсы алуға жиналдық. Келіндер, сән құрап тұрып, қол ұстасып жүріп ән салайық.

Ән: «*Appak, appak жапалақтан*»

Жүргізуши: Балалар, ортамыздағы әсем не?

Балалар: Шырша!

Жүргізуши: Шыршамыз қандай әдемі! Ойыншықтары неткен көп! Ал, кім бізге шыршаға арналған тақпақтарын айттып береді еken?

Жасыл шырша орманнан,
Бізге арнайы келіпті.
Ойыншығын балалар,
Шыршаға әсем іліпті.

Әсем шырша сәнденген,

Өз андарын күтеді.

Жаңа жылмен бірге біз,

Орманға кеп жетеді.

Тамаша, тамаша,

Шыршамыз тұр жараса.

Басында әсем жұлдызы,

Көз тоймайды қараса.

Жұргізуши: Жарайсындар, қандай жақсы тақпақтар! (шыршаның жаңына жақындаған келіп) бәрекелді, қарандар балалар, шыршаның астында бірдене тұр! Сыйлықтар! Сыйлық алу қандай тамаша, келіндер, балалар, сыйлықты ашып көрейік. (*көңілді муз. Ойнайды, қорапты ашаады, оның ішінен Клоун атып шыгады.*)

Клоун: Амансындар ма, балалар! Иә, бұл менмің. Мені ораудан алғып шыққандарың қандай жақсы болды! Ол жерде тар, әрі қап - қараңғы. Ал, мұнда сондай тамаша еken! Мен де сендермен жаңа жалды қарсы алайыншы, сендермен бірге қызықты ойынды ойнайдыншы!

Ойын: «*Кім жеңеді?*» (4 орындықпен)

Жұргізуши: Балалар, бізде шыршамыз бар, әдемі киінген балаларымыз бар, ата - аналарымыз, көрермендеріміз де бар еken, енді, біздің жаңа жылдық мерекемізге кім жетпейді?

Балалар: Аязата, Ақшақар.

Жұргізуши: кәне, онда Аязатаны шақырайық. Бар дауыспен айқайлайық.

Балалар: Аязата, Аяз ата (*деп 2 рет айтқанда, есік ашылады да, Қоян кіріп келеді.*)

Қоян: Ойбай тұрлерін қара! Неге тамақтарынды жыртып жатырсындар?!

Жұргізуши: Ал, сен неге амандаспайсың? Әдепті адам алдымен амандасып алады дегенді білмейсің бе?

Қоян: Білсем бұйырмасын!

Жұргізуши: Мұны тіпті мына бұлдіршіндеріміз біледі. Ал, саған тіпті ұят. Саған ешкім үйреткен жоқ па?

Қоян: Жоқ.

Жұргізуши: Сен өзі қайдан шықтың? Біз Аяз атаны шақырып едік қой?!

Қоян: Ал, мені мерекеге неге шақырмайсындар? Аязата сендерге бәрібір келмейді, өйткені мен ормандағы жол көрсететін белгіні алғып таstadtым, енді ол жол таба алмайды ха - ха - ха (*деп секіреді*)

Жүргізуші: неге олай еттің? Аязата, Ақшақарсыз қандай жаңа жыл келмек?

Қоян: Э, бәлем, солай ма екен! (*осы кезде боранның гүлдеген дыбысы естіледі.*)

Қоян тоңа бастайды да, біреулердің киімдерінің астына кіріп, ата - аналарға тығылып, соңында шыршаның астына тығыла бастайды)

Алыстан Аязатаның дауысы естіледі.

Жүргізуші: Аязата, Ақшақар келе жатыр ғой деймін, шақырайық, қол соғайық, болған қыындықтарды ұмыттайық!

Балалар: Аязата, Ақшақар!

Аязата: Сәлематсыңдар ма, балалар!

Күнтізбеде қалыпты жалғыз ғана бір парак,

Дайындалым жыл бойы,

Жолға шығар келді уақ!

Шақырымды жүздеген

Басып өту мен үшін

Жаңа жылдың түнінде

Жасыл шырша түбінде.

Кездесsem деп сендермен,

Тарасам екен сыйлықтар,

Одан асқан не сый бар.

Қуаныш сыйлау балаға

Одан зор бақыт бола ма!

Сендерді көргеніме сондай бақыттымын!

Балалар, мына шыршамыз көңілсіз тұрған сияқты ғой. Кәне, сиқырлы сөздерімізben оның шамдарын жарқыратайық!

Қуант бізді, таңырқат шамдарыңды жарқырат! (3 рет айту керек)

Балалар: Қуант бізді, таңырқат шамдарыңды жарқырат.(қолдарын шапалақтатады)

Шырша жарқырайды.

Аязата: Балалар, менің қарша қызым қайда жүр екен, кім тауып береді екен маған?

Мұздан моншақ тағынып,

Күміс қырау жамылып.

Ортада тұр Ақшақар,

Көптен күтіп сағынып.

Кел билейік сенімен,

Деймін тартып жеңінен

Еріп кетпе Ақшақар.
Адамдардың демімен.

Міне тағы келіп тұр,
Жаңа бір жыл балалар.
Жадыратып жер үстін
Төрімізге ол шыққан.

Аспан жерге төгеді,
Ақ күмісін уыстап,
Жаңа жылда келеді
Бізге қарай жылыстал.

Жүзімізге құлкі ойнап
Қанаттанды жанымыз.
Жаңа жылды біз тойлап
Шаттанамыз беріміз.

Аязата: Бәрекелді, бәрекелді. Менің Ақшақарым қазір келіп қалар, мынадай тақпақтардан кейін кідірмес. Клоун балам, сыйлықтарын берейік тақпақ айтқан балаларға.

Жүргізуші: Аязата, мен де, жұмбақтап жіберсем қайтеді?

Ертегідей орманнан
Көктей өтіп келеді.
Сұңқар бойлы бір сұлу
Табындаршы, аты кім?

Балалар: Ақшақар! (*музыкамен Ақшақар кіреді*)

Ақшақар: Сәлеметсындар ма, балалар! Орманды көктей өтіп жеттім - ау сендерге. Қандай әдемі, неткен сұлу шырша! Мен білемін бір ойын:
Үйретейін сендерге

Мен бастайын, ал, сендер аяқтаңдар ойынды. Хормен жауап айтындар! Қарға мұлгіп дала тұр, келе жатыр....

Балалар: Жаңа жыл!

Ақшақар: Қызыл мұрын, ақ мұртты білсең атын тез ата, келеді бізге.....

Балалар: Аяз ата!

Ақшақар: Шырша бүгін кәделі! Сендер әрі....

Балалар: Әдемі!

Ақшақар: Көнілсіз бір бала жоқ, ойын – күлкі таралсын.

Құтты болсын....

Балалар: Жаңа жыл! (3 рет)

Аязата: Бәрекелді, ал, енді балалар тақпақтарын айтып берсін.

Бізді байтақ далада,
Асқар тауда қалада.
Биыл ғажап іс болды,
Таң ғажайып қыс болды.

Жаңа жылмен, жаңа жылмен,
Құттықтаймыз әрине.
Әкемізді, анамызды
Қонақтардың бәрін де!

Бір топ бала сырғанап,
Би билейік зырлайық.
Қалды артта қар алып,
Іздерінен қар үшып.

Кел жаңа жыл біздерге,
Кел жаңа жыл, жаңа жыл.

Қызыл ала шапаны,
Сағындым Аязатаны.

Далада қар борайды,,
Ақ мамыққа орайды.

Мұз болады қатады,
Жап - жалтар боп жатады.

Қыс келді, Қыс келді.
Ақтарып ақ қарды.

Қызыл ала шапаны

Сағындым Аязатаны.

Ақшақар ойын ойнатады.

Жүргізуші: Кәне, балалар, бәріміз «Жаңа жыл!» әнін жақсылап айтып жіберейік, Аязатамызбен Ақшақарымызбен, Жаңа жыл бар, Клоун бәріміз!

Ән: «Жаңа жыл!»

Аязата мен Ақшақар сыйлықтар таратады.

Ақшақар: Мінекей, балалар, сендермен қоштасатын да кез келді.

Сендерді қимай тұрмыз, барлығың да көңілді, әдемі бала екенсіндер.

Аязата: Жаңа жылда, балалар, тек қуаныш көріндер.

Ауырмандар ешқашан, мықты болу өзінен.

Ақшақар:

Жаңа жылда, балалар, тек жақсылық көріндер.

Жылау, ауру, жамандық қастарында болмасын.

Сау болындар, балалар





ЖШС «Ailin»balalar bobekjai baqashasy

«Бекітемін»

«Ailin»balalar bobekjai baqashasy
менгеруші  М.А.Давидбекова

«Біз аданың гүліміз»

«Қарлығаш» тобы

Тарбиеші: Ермакан.М

2023-2024жс

« Біз ананың гүліміз »

Жұргізуши: Құрметті аналар, апайлар, балалар! 8- Наурыз аналар мерекесіне арналған ертеңгілікке жиналып отырмыз. Мектепалды даярлық тобының балаларымен өткізілетін мерекемізге қош келдіңіздер!

Залға балалар кіреді, қолдарында гүлдер, ән айтып

Әлемнің жарығын силадың сен маған
Даланың әр гүлін сыйлаймын мен саган-
Аналарға гүлдерін сыйлайды

Жұргізуши: Иә, бәрімізге де осынау әлемнің жарығын сыйлаған ана есімі қашанда биік, әрі қымбат.

Ана десем алғыс алам халқымнан

Ана десем теңіз болам шалқыған

Ана десем, ашылады қабагым

Ана десем әділдікті ұғамын

Біз фана емес

Қадір тұтқан бабалар

Аналардаң туған небір даналар

Ана деген тіршіліктің тірегі

Армысыздар, қасиетті аналар!

-Ардақты аналар, мерекелеріңіз құтты болсын! Отбасыларыңызға құт-береке, бірлік, дендеріңізге саулық тілейміз!

-Балалар, бүгінгі тақырыбымызға байланысты мен сендерге жұмбақ жасырғым қеліп тұр. Шешуін таба аламыз ба?

Бала, бала, бала деп

Тұнде шошып оянған

Тұн ұйқысын төрт бөліп

Тұнде бесік таянған

Бұл кім?

Балалар: Ана, ана, ана.

Жұргізуши: Әріне, бұл біздің аналарымыз. Ана перзент тәрбиелеуші. Ендеше осы асыл аналарымызға арналған балаларымыздың тақпактарына кезек берейік:

Жанымызды жайнатқан

Ана деген – жарық жұлдыз шырағың

Ана деген- қайнар ыстық бұлағың

Ана деген- өмірдегі қамқорың

Ана деген- сүйенерің, жан құрбым

Сырымды ұфатын, өзіңсін қуатым

Күнімсің шығатын Айымсың туатын

Аялы алақан, әлпештеп өсірген

Аяулы жан анам

Қатемді кешірген
2-бала: Апам мені айым дейді
Мен мұнайсам уайым жейді
Апам мені құнім дейді
Мен қуансам күлімдейді
3-бала: Анам-өмір шырағы
Анам-өмір бұлағы
Бесігімнің жыр әні
Жүрегімде тұрады

Жүргізуші : Осы ардақты аналарымызға ән орындалған берейік

Ән: «*Құттықтаймын сені тұган құніңмен!*»

Жүргізуші: Бүгін біздер құрметті де ардақты әжелерімізді ерекше атап құттықтаймыз! «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» - деп халқымыз текке айтпаған, балаларымыздың әжелеріне арналған тақпактарына кезек берсек

Салтанат : Өзің мені өсірген

Айналайын ақ әжем
Тентек болсам кешірген
Ауырмашы, ай әжем

Рахым : Эже деген көп шығар
Әжемдей менің жоқ шығар

Мейірімді бұл кісі
Қандай ғажап күлкісі

Адина:.. Немересін жаңындай
Әжем жақсы көреді
Қонаққа барса ұмытпай
Кәмпіт әкеп береді

Сулейман : Тірегі болып жаңында
Бірге еріп жүремін
Жанашырым жаңымда
Тек әжем деп білемін

Хансултан : Ақ әжемді арқашан
Сыйлаг жақсы көремін
Қуантайын деп оны
Өлең айтып беремін

Даниял : Өзің мені өсірген
Айналайын ақ әжем
Тентек болсам кешірген
Балдай тәтті бал әжем

Ән: «*Әжем менің айдай!*»

Жүргізуші: «Мектепте қалай оқыдық» ойынын ойнайық Ойынға аналарда қатысады

Аделья : Үн қатамын бал тілмен
Еркелеймін әр құн мен
Құттықтаймын анашым
Сегізінші наурызбен

Алиаскар : Құлпырған гүлдей

Көктемгі күндей
Жылдызың маған
Төгесің үзбей
Алтынай:Сауле шашқан әсем күндей
Көтерілсін көңіліңіз
Жарқыраған қызыл гүлдей
Болсын әсем өміріңіз

Би : «Тұган жер» Ұлдар

ЖҮРГІЗУШІ: Тамаша, өнерлі екенсіндер. Ал балалар сендер үйде ата-аналарыңа көмек тесесіндер ме? Шындарыңды айтыңдар ! Қазір мен аналарыңнан сұраймын.
Күн бойы ойнай беретін, ойнап болған соң ойыншықтарын жинауға ерінетін, дым істемейтін, жалқау бала бар ма сіздерде?

Аналары: Жоқ, жоқ!

Ал, тәнертең ерте тұрып, мектепке өзі киінетін, үйде анасына көмектесетін әдепті, тәртіпті бала бар ма сіздерде?

Аналары : Бар, бар!

Ойын : « Кім жылдам» Ана мен бала балабақшага және жұмысқа жиналады

Жүргізуши: Жарқырап түр күніміз

Жайқалсын бәйшешек гүліміз

Бақта бұлбұл сайрасын

Сәнді көктем нұрымен

Көңіл гүлдей жайнасын

Талшыбықтай бұралған

Қыздарымыз қарап тұрмасын

Би: «Түрік би» Қыздар

Милана : Қадірлі аналар көңілі

Көктемдей жайнап гүл ашсын

Бақытқа толып өмірі

Шаттыққа шаттық ұлассын

Осман: Құтты болсын осы шаттық күніңіз

Бақытты да, ұзақ өмір сүріңіз

Қуанышты жүзінізben әрдайым

Бұл өмірде күліп қана жүріңіз

Нұрдаulet : Ақылшымыз, данашым

Ұзақ өмір сүріңіз

Айналайын анашым

Алдымызда жүріңіз

Жүргізуши: Шалқып тасып әніміз

Жадырасын жанымыз

Ана сені құттықтап

әндетеміз бәріміз

Ән: «Әнші балапан»

Алихан: Ана деген асыл жандар, болаттай

Ана деген мөлдір жандар бұлақтай

О, адамдар, қадірлей біл ананы

Жат қылыққа ақыл ойды талатпай

Аяулым : Тұн ұйқысын төрт бөліп
Әлпештеген анашым
Жақсы болсам асырып
Жаман болсам жасырып
Қамқор болған анашым

Би : «Қазақ бүі» Қыздар

Жүргізуши: О,анашым неткен жансың мейірімнен жаралған

Мәнгілікке арамызда шалқып-тасып жүр аман
Егер де сен еш ауырмай,күліп-ойнап қуансаң
Бұл тәңірден одан басқа,ешбір тілексұрамаң

Өмірдегі ең асыл жан- АНА. Сол үшін балалар аналарымызды сыйлайық,ардақтайық,еш уақытта ренжітпейік.

Балалар хормен: Ана- біздің күніміз.

Ана- біздің гүліміз
Ұландарды қуантып
Ұзақ өмір сүріңіз

Жүргізуши: Сіздерді тағы да 8 –ші Наурыз мерекесімен құттықтаймыз!

Би : «Вальс»

Құттықтау сез ата- аналарға беріледі

